

А.Б. Аширбекова¹, А.А. Абикенов², И.С. Сактаганова³

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ainur.ashirbekova@ayu.edu.kz, abykenov.arkhat@kaznu.edu.kz, aridnis@mail.ru)

Омбудсмен (адам құқықтары жөніндегі уәкіл) институтының мемлекеттік билік жүйесіндегі орны

Аңдатпа. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүйесінде омбудсмен институты маңызды рөл атқарады. Мақалада, мемлекеттік билікті бөлу теориясы контекстінде мемлекеттік органдар жүйесіндегі омбудсменнің (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) құқықтық ерекшеліктері туралы мәселе қозғалады. Сондай-ақ, омбудсмен институтының түсінігі мен мәні ашылып, оның мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі орны талданады. Қазіргі заманда мемлекеттерде жұмыс істейтін омбудсмен институтының үш үлгісіне: атқарушы, тәуелсіз және парламенттік сипаттама беріледі. Мақаланың мақсаты – ұлттық заңнамаларда белгіленген нормаларға сүйене отырып, омбудсмен институтының құқықтық мәртебесін зерделеу арқылы мемлекеттік билік жүйесінде орнын айқындау болып табылады. Омбудсмен институтының қалыптасу және даму тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері атап өтілді. Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен институтының зерттеу әдістері сипатталған. Сонымен қатар, 5 қараша 2022 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заңының баптары негізгі алына отырып, омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) құқықтық жағдайы сипатталады.
Түйін сөздер: адам құқықтары мен бостандықтары, омбудсмен институты, құқықтық мәртебе, мемлекеттік билік, мемлекеттік орган.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-145-4-38-48>

Кіріспе

Демократиялық мемлекетте, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғалуының қамтамасыз етілуі, мемлекеттік биліктің тиімді жұмыс істеуі арқылы биліктің бөліну принципі негізінде жүзеге асырылады. Омбудсменнің мемлекеттік органдар жүйесіндегі құқықтық мәртебесін айқындау, біріншіден, мемлекеттік-құқықтық институттар құрылымындағы омбудсменнің институтының теориялық және практикалық аспектілеріне қатысты болса, екіншіден, билік тармақтарының өзара іс-қимылы саласында туындайтын мәселелерді шешу, конституциялық құрылыстың тұрақтылығын, мемлекеттік билік институттарының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету және билікті бөлу принципін іс жүзінде жүзеге асыру қажеттілігінен туындап отыр.

Қазіргі жағдайда мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен қызмет жүйесінде биліктің бөліну принципіне негізделген мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының теңгерімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері ең өзекті болып отыр [1].

Омбудсмен институтының қызмет ету моделі әртүрлі болуы мүмкін. Жалпы алғанда, омбудсменнің құзырет шеңбері, тағайындау тәртібі, өкілеттіктері бойынша оның

әртүрлілігіне әкелді. Бұл мемлекеттік органның басқа елдерден алған моделімен қатар ұлттық құқықтық жүйелердің ерекшеліктеріне байланысты болып келеді [2]. Ғылымда омбудсмен институтының үш негізгі моделін бөліп көрсетеді:

– Атқарушы омбудсмен – Президент немесе Үкімет тағайындайтын, осы органдардың біріне бағынатын және есеп беретін атқарушы орган. Бұл модель өте сирек кездеседі және Францияда, АҚШ-тың кейбір штаттарында бар.

– Деңгейі заң шығарушы, сот және атқарушы билік органдарына сәйкес келетін мемлекеттік биліктің нақты тармағының өкілі ретіндегі тәуелсіз омбудсмен. Бұл модель бойынша омбудсменді президент немесе парламент тағайындайды, бірақ кейіннен олардың алдында есеп бермейді. Бұл модель Нидерланды, Португалия сияқты елдерде жұмыс істейді.

– Парламенттік омбудсмен – ең классикалық үлгі, онда Омбудсмен заң шығарушы биліктің қосымша органы болып табылады және әкімшіліктің қызметін бақылайды. Бұл модельде омбудсмен азаматтардың арыз-шағымдарын қарау шеңберінде кең өкілеттіктерге ие [3].

Шетелдегі омбудсмен институтының даму тарихын зерттеу көрсеткендей, әлемдік тәжірибеде омбудсменді тағайындау кезінде ұстануға болатын бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Дегенмен, тағайындау рәсімінде маңыздысы таңдалған тағайындау механизмі мекеменің барынша тәуелсіздігін қамтамасыз етуі керек екені анық [4]. К.А. Канатович пен Ш.М. Амангельдыевичтің пайымдауынша, жоғарыда көрсетілген омбудсмен модельдердің барлығы қазақстандық омбудсмен моделіне сәйкес келе бермейді. Бұл институтты қалыптастырудың алғышарттары мен құқықтық негіздеріне тарихи талдау жеке алынған омбудсмен моделінің «дұрыстығына» объективті критерий бола алмайды [5]. Дегенмен, елімізде омбудсмен институтының мемлекеттік биліктегі орны және оның құқықтық мәртебесін зерттеген ғалымдар саны шектеулі. Атап айтатын болсақ, М.С. Башимов, Е.Н. Мухитдинов, А.Б. Ұзақбаева, Г.С. Калиева, Г.Б. Қаржасова, С.С. Қаржаубаев, А.О. Шакиров.

Зерттеу әдістері

Омбудсмен институтын зерттеуде теориялық, эмпирикалық әдістер қолданылады. Жүйелік тәсілінің көмегімен омбудсмен институтының мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуінің негізгі элементтері қарастырылады. Диалектикалық көзқарас субъектіні басқа заттармен, құбылыстармен байланыстыра отырып жан-жақты зерттеуге, уақыттық өзгерістерді қарастыруға, пайда болу және даму заңдылықтарын анықтауға бағытталған. Салыстырмалы-аналитикалық әдіс, омбудсмен институтының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылының жекелеген элементтерін салыстыру негізінде, негізгі заңдылықтарын, принциптерін, қызмет бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Мемлекеттік органдар жүйесіндегі омбудсменнің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері – пікірталас тудыратын мәселе. Кейбір зерттеушілер атап өткендей, шетелдік ғылыми әдебиеттерде, билікті бөлу теориясы контекстінде қарастырылатын бұл құқық қорғау институты, әдетте заң шығарушы мемлекеттік билік тармағына жатқызады [6]. Мұндай аргументтердің негіздері омбудсменнің «парламенттік мәртебесінің» ерекшеліктерінде жатыр, ол заңдардың сақталуын «тек бақылайтынына» қарамастан, ол заң шығарушы органға жатады деп болжауға мүмкіндік береді [7]. Н.Ю. Хаманаеваның пайымдауынша, омбудсмен лауазымы, біріншіден, тек парламентаризм шеңберінде ғана өмір сүре алады, екіншіден, мемлекеттік билік қызметінің аспектілерін бақылауға бағытталған, үшіншіден, ол мемлекеттік атқарушы және сот билігі, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдар қатарына жатқызуға болмайды [8]. В.П. Лукиннің, омбудсменнің мемлекеттік билікке қатысты нақты ұстанымы, оның міндеті - мемлекеттік және құқықтық жүйенің

кемшіліктерін тексеру және түзету деп санайды. Адам құқықтарын сақтау жағдайына омбудсменнің ресми ықпал ету тетіктері өте шектеулі. Оның шенеуніктерді мойынсұнуға мәжбүрлейтін атқарушы билігі жоқ, ол үкім шығара алатын судья емес, оның заң шығарушы билігі жоқ. Омбудсмен өз қызметінде қоғамдық пікірге сүйенеді, өйткені ол азаматтардың заңды құқықтарын қорғайды [9]. Омбудсмен институты парламентаризм шеңберінде пайда болды және билікті бөлу тұжырымдамасына сәйкес заң шығарушы билікке бағынады және оның қосалқы органдары болып саналды. Омбудсмен моделінің «парламенттік» нұсқалары проблемалар туғызады, өйткені белгілі бір дәрежеде оның тәуелсіздігі мен бейтараптығын шектейді деген көзқарас бар [6]. В.В. Комарова, омбудсмен институты «парламенттік және атқарушы билік» аппаратының әртүрлі элементтердің үйлесімін біріктіреді деп санайды [10]. Жоғарыда айтылған көзқарасқа қатысты қарсы дәлелдер мынадай: омбудсмендер өз ұстанымының сипаты бойынша барлық үш билік тармағының органдарының өкілдерімен байланыста болады, бірақ бұл органдарға есеп бермейді және оларға тәуелді емес. Осыған байланысты осы мәселені зерттеушілердің кейбірі омбудсмен институтына келесі градацияны енгізеді: парламенттік омбудсмен, атқарушы омбудсмен, тәуелсіз омбудсмен. А.А. Ливерский, «тәуелсіз омбудсмен» мемлекеттік биліктің жеке және толық тәуелсіз тармағы болып табылады және өз деңгейі бойынша биліктің үш тармағының деңгейіне бірдей сәйкес келеді деп есептейді. Мұндай градацияның негізгі критерийі, мемлекеттік органдарының өзінің негізгі қызмет шеңберінің болуынан туындап отыр [11]. Ал, Н.А. Цымбалова омбудсмен институтын биліктің қандай да бір тармағына жатқызу заңсыз деп санайды [12]. Айта кету керек, билікті классикалық түрде үш тармаққа бөлу мәселесін зерттеп жүрген ғалымдардың көпшілігі мәртебе туралы айтқанда, бұл мәселеге қатысты Цымбалованың ұстанымымен бөліседі. Алайда, М.В. Баглай омбудсменді «ерекше мәртебесі бар мемлекеттік билік» ретінде қарастыруды ұсынады, ол не атқарушы, не заң шығарушы, не сот билігімен бірдей емес [13]. Сондай-ақ ғылыми ортада омбудсмен классикалық триаданың бірде-бір тармағына кірмей, төртінші тәуелсіз тармақты, атап айтқанда мемлекеттік биліктің «бақылау» тармағын құрайды деген пікір бар. Мұндай жіктеуге қарсы болған, А.С. Автономовтың пайымдауынша, барлық мемлекеттік органдар белгілі бір дәрежеде бақылау құзырына ие [14]. А.В. Мешкова, омбудсмен институты, биліктегі үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы, сотқа бөлу механизміндегі қосалқы органның бір түрі ретінде айқындалады, деп есептейді. Омбудсмен институтының ерекшелігі, оған билік бөлінісінің парадигмасына қатысты демократиялық принциптердің кепілі тұрғысынан бақылау функциялары бар реттеуші, катализатор ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді [15]. Кейбір сарапшылар мемлекеттік билік жүйесіндегі омбудсмен өзінің негізгі қызметінен басқа, билікті бөлу теориясы контекстінде мемлекеттегі заң шығарушы, атқарушы және сот билігі орталықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтаушы болып табылатынын атап өтеді [16]. Билікті үш тармаққа бөлудің классикалық теориясы шеңберінде кейбір мемлекеттік органдар жалпы жіктеу қатарынан шығып кететінін атап өтті. Осыған орай, билікті бөлудің классикалық теориясын догма ретінде қабылдауға болмайды, ол классикалық үлгіге сәйкес келмейтін және оның құрамына кіретін органдармен қатар әрекет ететін бірқатар мемлекеттік органдардың қалыптасуына мүмкіндік береді [17]. Омбудсмен институтын «жалпы қабылданған» билік тармақтарының шеңберінен шығару идеясы екі негізгі себеп бойынша ерекше назар аударуды қажет етеді. Ең алдымен, мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот болып бөлінуінің классикалық теориясы, ең алдымен, кез келген демократиялық мемлекетте қажетті өкілеттіктерді «көрсететін» белгілі бір көрсеткіш болып табылады. Екіншіден, омбудсменнің қызметі өзінің құқықтық және әлеуметтік табиғаты бойынша мемлекеттік биліктің классикалық триадасының шеңберінен автоматты түрде шығарылуы оның «бақылау-қадағалау» сипатында. Өйткені демократиялық қоғамда омбудсмен мемлекеттік органдардың қызметін бақылайтын институт болып табылады және адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен айналысады [18]. Әдетте, бақылау-қадағалау органдары

ешқандай жаза қолдана алмайды, олар тек биліктің барлық тармақтары органдарының қызметін бақылайды және өкілеттіктерінің шегінен шығуын алдын алады. Әрине, омбудсменді осы билік институттарымен бірге оның бақылау-қадағалау саласына жатқызу идеясы стандартты емес, өйткені билікті бөлудің классикалық теориясына сәйкес мұндай билік жоқ. Р.А. Лубский, айтуынша, бақылау-қадағалау қызметін мемлекеттік биліктің жеке түрі ретінде мойындау, біріншіден, биліктің бақылау-қадағалау тармағының мойындалуын, екіншіден, бақылау-қадағалау органдарының тәуелсіз мемлекеттік құқықтық институт ретінде бөліну процесінің басталғанын көрсетеді [6]. Сонымен бірге, билікті бөлудің классикалық теориясы мемлекеттік биліктің жаңа институттарының пайда болу мүмкіндігін шектемейтіндігін түсіну қажет. Демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру процесі билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың текетірістік негізде емес, консенсусқа негізделген жағдайда ғана нәтижелі болуы мүмкін.

Омбудсмен, мемлекеттік орган және құқық қорғау институты ретінде өзінің құзыретінің сипаты мен мемлекеттік жүйедегі орны бойынша теңдесі жоқ. Ол мемлекеттің лауазымды тұлғасы болып табылады және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен айналысады, бірақ оның функцияларын жүзеге асыру мемлекеттік орган жұмысының формальды сипатына ие емес: оған қажетті өкілеттіктер берілмейді. Омбудсмен қызметін иерархиялық бағынышты атқарушы билік жүйесінен дербес. Алайда, мемлекеттік органдардан айырмашылығы, омбудсменнің құқықтық актілерді шығаруға құқығы жоқ [7]. Омбудсмен институты қызмет ету кезінде кез келген құқықтық жүйеге сәйкес келеді. Өйткені омбудсмен институты - оқшауланған позицияға ие арнайы мекеме болып табылады. Оның қызметі – адам құқықтарын қалпына келтіру болып табылады. Омбудсмен ешқандай мемлекеттік органның орнын алмайды және сот жүйесіне кірмейді. Осыған байланысты ол тұрақты және жоғары елдерде табысты дамып, жұмыс істейді [19]. Алайда, омбудсмен бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру барысында мемлекеттік-империялық шешімдер шығаруға, мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты құзыретін шектей алмайды [20]. Шетелдік конституциялық доктрина, керісінше, мемлекеттік билікте омбудсменнің бақылау құралы ғана емес, сонымен қатар атқарушы билік, соттар, сондай-ақ заң шығарушы билікте де шектеулі құқықығы бар «күшті» үлгі ретінде әрекет ететіндігін айтады. Ш. Монтескье [21] идеясы бойынша, омбудсмен институты мемлекеттік билік органдарының шектен тыс шығып кетпеуіне кедергі жасайды деп есептейді. Яғни, адамдардың құқықтарын қорғау мәселесінде, үш мемлекеттік билік органдарына (сот, атқарушылық және заң шығарушы) қарағанда, омбудсменмен жақсырақ қорғайды деген тұжырым айтады. Осыған байланысты адам құқықтарын қорғау мәселесі құзыретіне кіретін, яғни соттар мен омбудсмен институт арасында бәсекелестік туындауы мүмкін деген тұжырымдама да айтылады. Осы жағдайға орай, адам құқықтарын қалпына келтіру мақсатында мемлекет атынан әрекет ететін омбудсменнің қызметіне соттық емес тәсілмен, тиімді және арзан жолы болып табылады. Бірақ, омбудсмен институтына шағым жасау тәсілінің ыңғайлылығы мен мемлекеттік баж салығынан босатылғанын, оның «арзан әділдік» орнатушы құрылым ретінде қарауға болмайтындығын айтады [22]. Сот процедураларымен, яғни тараптардың өз бетінше дәлелдеуге міндеттілігі, іске қатысты дәлелдемелерді ұсынуы және т.б. соттық іс – әрекеттермен салыстырғанда, омбудсмен заманауи цифрлық қоғамда азаматтарға мемлекеттік органдармен арасындағы келіспеушілікті шешуде «тиімді әділеттілікті» қамтамасыз етеді [23]. Омбудсмен өз құзыреті шеңберінде, сот, атқарушы және заң шығарушы билік шеше алмайтын әкімшілік проблемаларды шеше алады [24]. Яғни, омбудсмен судьяға қарағанда икемді, мысалы, омбудсмен өз пікірін айтуға, құқықтар мен бостандықтардың бұзылуына алаңдаушылық білдіруге, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының шешімдерін сынауға құқылы [20]. Дегенмен, қазіргі таңда сот билігі мен омбудсмен институты арасындағы қарым-қатынасты реттейтін құқықтық стандарттар жоқ. А.Б. Зеленцев, Н.Ю. Хамаева, Ю.И. Мигачев, Л.Л. Попов сияқты ғалымдар, адам құқықтары жөніндегі омбудсмен әкімшілік-құқықтық институтқа жатады деп есептейді. Бұл, ең алдымен, шағымдарды

қарау, атқарушы билік органдарымен және басқа да бақылау органдарымен өзара іс-қимыл тәртібіне қатысты. Хаманаева, омбудсмен институты - билік тармақтарының ешқайсысына жатпайды, оның басты белгісі биліктен тәуелсіз болуда көрсетілуі керек деп санайды [25]. А.Б. Зеленцева, пайымдауынша, омбудсмен – арнайы тағайындалған немесе сайланатын, әкімшілік даулар бойынша мемлекеттік мекеме ретінде әрекет ететін, әкімшілік органдардың адам құқықтарын сақтауын бақылайтын және осы мақсаттар үшін есеп жүргізуге, тексеруге және ұсынуға уәкілетті тәуелсіз лауазымды тұлға [26].

Қазіргі таңда омбудсменнің әкімшілік-құқықтық мәртебесі, оның құрамдас бөлігі және мемлекеттік механизм аппаратындағы қызметі туралы көптеген жарияланымдар пайда болды. И.Ю. Плуталов өз мақаласында уәкіл мәртебесінің құқықтық негіздерін зерттеп, мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста «жұмсақ әкімшілік өкілеттіктерді» ашып, арнайы әкімшілік шағым жасау тәртібі туралы айтады [27]. Өкілеттіктерді шектеу және оның әкімшілік-құқықтық құрамдас бөлігін бөліп көрсету әрекетін Т.В. Колобованың пайымдауынша, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесінің конституциялық құрамдас бөлігі жалпы мақсаттар мен міндеттерді, оның ұйымдық-құқықтық құрылымын, сондай-ақ оны тағайындау өкілеттіктерін, жұмыстан босату және шектеу мәселелерін реттейді [28]. Уәкілдің әкімшілік-құқықтық саладағы бақылау өкілеттігі айтарлықтай кең. Ол өз бастамасымен немесе азаматтардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдары негізінде әрекет ете алады. Сондай-ақ омбудсменнің мәселелерді шешуге арналған аппараты бар.

Нәтижелер

Уәкіл институтының негізгі ерекшелігі – оның алдымен сот, прокуратура немесе өзге де мемлекеттік органдармен бәсекелеспейтін құқық қорғаудың қосымша құралы ретінде болуы. Бұл институттың мәні- мемлекеттік билік органы бола отырып, қоғам мен оның азаматтарының мүдделерін айқындаушы ретінде мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылау жасайтығында [29]. 2022 жылы Қазақстан демократиялық дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып, саяси жүйенің негізгі бағыттары бойынша заңнаманы жетілдіру шараларын қабылдады. Соның бірі 2022 жылы референдумда қабылдаған Қазақстан Республикасының Конституциясына Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін бекіткен өзгертулер (83-1 бап) болды. Яғни, бұл заң негізінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтары мен өкілеттіліктері конституциялық дәрежеде белгілене отырып, омбудсмен институтының маңыздылығын және өзектілігін көрсетіп отыр. Конституцияның жаңа 83- 1 бабының нормаларымен Уәкілдің міндеттері, тәуелсіздігі мен өкілеттіліктерін жүзеге асыру кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың алдында есеп бермеуінің кепілдіктері бекітілген [30]. 05 қараша 2022 жылы «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл» Заңы қабылданып, Уәкілдің құзырет шеңбері мен құқық қолдану аясын кеңейте түсті. Аталмыш Заңның 3 бабына сәйкес: « Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді», делінген. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың алдында тәуелсіз болуы мен есеп бермеуінің конституциялық бекітілуі маңызды . Бұл оның орбитасына енгізілген істер адам мен азаматтар құқықтарының жоғарғы басымдылығы қағидаты негізінде мүмкіндігінше объективті түрде қаралатынын көрсетеді. Сонымен қатар, адам құқықтарын дамыту және қорғау мақсатында Уәкілге адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу құқығы берілді [31]. Дегенмен, әрбір омбудсмен өз еліне тән шарттарда жұмыс істейді. Олардың негізінде омбудсмен институтының ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу әдістері әртүрлі. Бұл швед омбудсменінің классикалық моделінің өзіндік, кейде толығымен түпнұсқалық құқықтық және әкімшілік жүйелеріне қолданылған кезде жеке елдердің ерекшеліктеріне байланысты, бұл институттың әртүрлі нысандарын көздейді. Бұл органды құрған әрбір ел оны қолданыстағы заң жүйесіне сәйкестендіруге тырысады [32].

Қазақстандық омбудсменнің мәртебесі және өкілеттіліктері төрелік етуші соттардың қызметіне, құқық қорғау органдарының процессуальдық және жедел іздестіру жұмыстарына кедергі жасалмағандай етіп құрылған. Сонымен қатар, сот және құқық қорғау органдары секілді омбудсмен, негізінен, жалпы құқықты емес, адамның жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қалыптасқан. Осы орайда, өзге институттарға қарағанда омбудсменнің азамат пен мемлекет арасындағы даулы мәселелерді шешуге барынша бейімделгенін байқауға болады. Ол өзінің болмысы бойынша өзге құқық қорғау органдарын алмастыра алмайды, керісінше қолда бар құқық қорғау ұйымдарының жүйесін толықтыра түседі [33]. Жалпы, мемлекеттік органдардың өкілеттіліктері кеңейген сайын, азаматтарды мемлекеттің өктемдігін қорғайтын механизмдердің күшейе түсуі керектігі заңдылық. Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қызмет етуі адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қымбат қазына деп танылатын демократиялық, құқықтық мемлекетті құру жолындағы еліміздің әлемдік стандартқа лайық болуға үмтылғандығының дәлел көрінісі [34]. Омбудсмен институтының әрбір мемлекетте жұмыс жасау маңыздылығы жайлы көп ғалымдар айтып келеді. Омбудсменнің құқықтық мәртебесінің нығаюы мен құзырет шеңберінің кеңеюі де сол елдің құқықтық жүйесіндегі ролін анықтайды. 2023 жылдан бастап қазақстандық омбудсменге «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заңының 7 бабының 15 тармақшасына сәйкес, «адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгіне алатындығы», көзделген. Яғни, омбудсмен өзінің құзыреті шеңберінде, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұсқан келтірілетін құқықтық нормаларға тікелей Конституциялық сотқа шағымдану құқығы беріліп отыр. Бұл норма омбудсмен институтының мемлекеттік құқықтық жүйесіндегі ролін күшейтіп отыр. Омбудсмен институтының – мемлекеттік биліктің қай тармағына (заң шығарушы, сот, атқарушы) жататындығы жайлы қазіргі таңда бірыңғай көзқарас қалыптаспағаны мәлім. Қорыта алғанда, омбудсмен институты азаматтардың мемлекеттік билікке сеніммен қарауға және мемлекеттік органдардың әрекеттерінің заңдылығына күмән келтірген жағдайда құқықтары мен бостандықтарының заң талабына сай қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Демидов М.В. Понятие института Уполномоченного по правам человека и его место в правозащитном механизме государства // Вестник Российского университета кооперации. – 2019. – №1(35). – С. 114.
2. Михайловская В.А. Уполномоченный по правам человека в системе разделения властей // Труды Института государства и права Российской академии наук. – 2015. – № 2. – С. 10.
- Сергеенко Л.Ю. Институт Парламентского уполномоченного по правам человека в Республике Беларусь – реальная необходимость [Электронды ресурс] – URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/33517/1/25%20%D0%A1%D0%B5%D1%80%D0%B3%D0%B5%D0%B5%D0%BD%D0%BA%D0%BE.pdf> (жүгінген күні: 01.05.2023).
- Мухитдинов Е.Н. Правовые основы формирования и функционирования института омбудсмена (уполномоченного по правам человека) в Казахстане и за рубежом: международно-правовые аспекты: дисс. на соискание степени доктора философии (PhD). – Алматы, 2009. – С. 51.
5. Канатов А.К., Шакенов М.А. Институт Уполномоченного по правам человека в Казахстане (иммерсивный подход в законотворчестве) // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. – 2022. – №2(69). – С. 161.
6. Лубский Р.А., Трифонов С.Г. Особенности Конституционно-правового статуса омбудсмена в системе органов государственной власти // Юрист-Правоведъ. – 2020. – №1(92). – С. 47.
7. Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. – Москва, 2019. – 31 с.
8. Хаманаева Н.Ю. Правовой институт уполномоченного по правам человека // Гражданин и право. – 2009. – №6. – С. 28.

9. Лукин В.П. Роль и значение института омбудсмана в деле защиты прав человека (на примере Российской Федерации) // Консультант Плюс. – 2014. – С. 4.
10. Комарова В.В. Уполномоченный по правам человека в Российской Федерации // Государство и право. – 1999. – №9. – С. 21-31.
11. Ливеровский А.А. О контрольных функциях представительных органов государственной власти субъектов Российской Федерации // Парламентские процедуры: проблемы России и зарубежный опыт: материалы научной конференции. – Москва: Издательство МГУ, 2003. – С. 389-397.
12. Цымбалова Н.А. Институт омбудсмана в современном мире: история развития, общая концепция // Комиссия и уполномоченные по правам человека: Опыт российских регионов. – 2002. – №4 – С. 87-104.
13. Баглай. М.В. Конституционное право Российской Федерации : учебник для вузов. – Москва: Издательство «Норма», 2000. – 784 с.
14. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. – Москва: ООО «Фирма Инфограф», 1999. – 384 с.
15. Мешкова А.В. Институт уполномоченного по правам человека: теоритико-методологические основы // Вестник МГОУ. Серия «История и политические науки». – 2014. – №2. – С. 119.
16. Бирюков А.А. Как подать жалобу в Европейский суд по правам человека. – Москва, 2018. – 72 с.
17. Ракитская И.А., Лейбо Ю.И., Павлов Е.Я. Конституционно-правовой механизм применения норм международного права в зарубежных странах: монография. – Москва, 2019. – 83-96 с.
18. Суходольский Г.М. Конституционно-правовое регулирование «горизонтальных» взаимодействий в системе государственной власти в РФ (на примере взаимодействия законодательных и контрольно-надзорных органов) // Современное право. – 2018. – №4. – С. 18-22.
19. Поповская А.К. Уполномоченный по правам человека как институт несудебной защиты прав человека в России. [Электронды ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/upolnomochennyy-upo-pravam-cheloveka-kak-institut-nesudebnoy-zaschity-prav-cheloveka-v-rossii/viewer> (жүгінген күні: 17.04.2023).
20. Матейкович М.С., Романчук И.С. Уполномоченный по правам человека в механизме судебной защиты прав и свобод // Журнал Российского права. – 2020. – №11. – С. 46.
21. Монтескье Ш.Л. О духе закона. – Москва: Мысль, 1999. – 144 с.
22. Buck T., Kirkham R., Thompson B. The Ombudsman Enterprise and Administrative Justice. [Электронды ресурс] – URL: <https://doi.org/10.4324/9781315555034> (жүгінген күні: 17.04.2023).
23. Craig P.P. Administrative Law. 6 th. edition. – London, 2008. – 1045 p.
24. Саидов Ф.З. Конституционно-правовой статус омбудсменов в зарубежных странах // Труды Академии управления МВД России. – 2022. – №2(62). – С. 28.
25. Хаманаева Н.Ю. Защита граждан в сфере исполнительной деятельности. – Москва: ИПП РАН, 1997. – С. 207-208.
26. Зеленцов А.Б. Контроль за деятельностью исполнительной власти в зарубежных странах. – Москва: Изд-во РУДН, 2022. – С. 54-55.
27. Плуталов И.Ю. Административно-правовая основа статуса уполномоченного по правам человека в РФ // Административное право и процесс. – 2019. – №10. – 74 с.
28. Колобова Т.В. Разграничение административно-правового и конституционного статусов уполномоченного по правам человека в субъекте РФ // Вестник ВГУ. Серия «Право». – 2020. – №2. – С. 29.
29. Қаржасова Г.Б. Адам құқықығы жөніндегі уәкіл институты // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2015. – №3(39). – Б. 32.
30. Шакиров А.О. Деятельность уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан: возможности совершенствования на основе применения зарубежного опыта // Право и государство. – 2021. – №4(73). – С. 13.
31. Сенатта Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заң қабылданды. [Электронды ресурс] – URL: <https://kaz.zakon.kz/6015364-senatta-adam-kukyktary-zhonindegi-ukil-turaly-zan-kabyldandy.html> (жүгінген күні: 17.04.2023).
32. Симановский С.И. Институт омбудсмана и его роль в политической системе общества // Вестник БДУ. – 2013. – №1. – С. 88.
33. Қазақстандық адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі және оны ұйымдастырудың құқықтық негіздері. [Электронды ресурс] – URL: <https://articlekz.com/kk/article/17172> (жүгінген күні: 17.04.2023).
34. Айтхожин К., Қанағатова Қ. Омбудсмен институты - бұзылған құқықты қалпына келтірудің тегеурінді тетігі // Заң газеті. – 2003. – №20. – Б. 15.

А.Б. Аширбекова¹, А.А. Абикенов², И.С. Сактаганова³

¹ *Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан*

² *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

³ *Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

Институт омбудсмана (уполномоченного по правам человека) в системе государственной власти

Аннотация. Институт омбудсмана играет важную роль в системе государственных органов, обеспечивающих права и свободы человека и гражданина. В статье в контексте теории разделения государственной власти поднимается вопрос о правовых особенностях должности омбудсмана (уполномоченного по правам человека) в системе государственных органов. Также раскрывается понятие и значение института омбудсмана, анализируется его место в системе органов государственной власти. Описаны три модели института омбудсмана, действующие в государствах в современное время: исполнительная, независимая и парламентская. Цель статьи - определить его положение в системе государственной власти путем изучения правового статуса института омбудсмана, исходя из норм, установленных в национальном законодательстве. Отмечены работы зарубежных и отечественных ученых, внесших значительный вклад в изучение истории становления и развития института омбудсмана. Описаны методы исследования института уполномоченного по правам человека. Кроме того, описан правовой статус омбудсмана (уполномоченного по правам человека) на основании статей Конституционного закона «Об Уполномоченном по правам человека в Республике Казахстан», принятого 5 ноября 2022 года.

Ключевые слова: права и свободы человека, институт омбудсмана, правовой статус, государственная власть, государственный орган.

A.B. Ashirbekova¹, A.A. Abikenov², I.S. Saktaganova³

¹ *Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

² *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

³ *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

The institute of the ombudsman (commissioner for human rights) in the public power system

Abstract. The ombudsman institution plays an important role in the system of state bodies that ensure the rights and freedoms of people and citizens. In the article, in the context of the theory of separation of state power, the issue of the legal features of the ombudsman (human rights commissioner) in the system of state bodies raised. In addition, the concept and meaning of the ombudsman institution is revealed, and its place in the system of state authorities is analyzed. Three models of the ombudsman institute working in the states in modern times describes executive, independent and parliamentary. The purpose of the article is to determine its position in the system of state power by studying the legal status of the ombudsman institution, based on the norms established in national legislation. The works of foreign and domestic scientists who made a significant contribution to the study of the history of the formation and development of the Ombudsman Institute noted. Research methods of the Human Rights Ombudsman Institute described. In addition, the legal status of the ombudsman (Human Rights Commissioner) is described based on the articles of the Constitutional Law "On Human Rights Commissioner in the Republic of Kazakhstan" adopted on November 5, 2022.

Keywords: human rights and freedoms, ombudsman institution, legal status, state power, state body.

References

1. Demidov M.V. Ponyatie instituta Upolnomochennogo po prava cheloveka i ego mesto v pravozashchitnom mekhanizme gosudarstva. Vestnik Rossijskogo Universiteta Kooperacii [The concept of the institution of the Commissioner for Human Rights and its place in the human rights mechanism of the state. Bulletin of the Russian University of Cooperation], 1(35), 114 (2019). [in Russian]
2. Mihajlovskaya V.A. Upolnomochennyj po pravam cheloveka v sisteme razdeleniya vlastej. Trudy Instituta gosudarstva i prava Rossijskoj akademii nauk [Commissioner for Human Rights in the system of separation of powers. Proceedings of the Institute of State and Law of the Russian Academy of Sciences], 2, 10 (2015). [in Russian]
- Sergeenko L.YU. Institut Parlamentskogo upolnomochennogo po pravam cheloveka v Respublike Belarus' – real'naya neobhodimost' [The institution of the Parliamentary Commissioner for Human Rights in the Republic of Belarus is a real need]. [Electronic resource] – Available at: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/33517/1/25%20%D0%A1%D0%B5%D1%80%D0%B3%D0%B5%D0%B5%D0%BD%D0%BA%D0%BE.pdf> (accessed: 01.05.2023). [in Russian]
- Muhitdinov E.N. Pravovye osnovy formirovaniya i funkcionirovaniya instituta ombudsmena (upolnomochennogo po pravam cheloveka) v Kazahstane i za rubezhom: mezhdunarodno-pravovye aspekty. Diss.na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD) [Legal basis for the formation and functioning of the institution of ombudsman (commissioner for human rights) in Kazakhstan and abroad: international legal aspects. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty, 2009, 51 p.). [in Russian]
5. Kanatov A.K., SHakenov M.A. Institut Upolnomochennogo po pravam cheloveka v Kazahstane (immersivnyj podhod v zakonotvorchestve). Vestnik Instituta Zakonodatel'stva i Pravovoj Informacii RK [Institute of the Commissioner for Human Rights in Kazakhstan (immersive approach to lawmaking). Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan], 2(69), 161. (2022). [in Russian]
6. Lubskij R.A., Trifonov S.G., Osobennosti Konstitucionnogo- pravovogo statusa ombudsmena v sisteme organov gosudarstvennoj vlasti. YUrist-Pravoved" [Features of the Constitutional and legal status of the ombudsman in the system of public authorities. Lawyer-Legalist], 1(92), 47 (2020). [in Russian]
7. CHirkin V.E. Konstitucionnoe pravo zarubezhnyh stran [Constitutional law of foreign countries] (Moskva, 2019, 31 s.) [Moscow, 2019, 31 p.]. [in Russian]
8. Hamanaeva N.YU. Pravovoj institut upolnomochennogo po pravam cheloveka. Grazhdanin i pravo [Legal Institute of the Commissioner for Human Rights. Citizen and law], 6, 28 (2009). [in Russian]
9. Lukin V.P. Rol' i znachenie instituta ombudsmena v dele zashchity prav cheloveka (na primere Rossijskoj Federacii). Konsul'tant Plyus [The role and importance of the ombudsman institution in the protection of human rights (using the example of the Russian Federation). Consultant Plus], 4 (2014). [in Russian]
10. Komarova V.V. Upolnomochennyj po pravam cheloveka v Rossijskoj Federacii. Gosudarstvo i pravo [Commissioner for Human Rights in the Russian Federation. State and law], 9, 21-31 (1999). [in Russian]
11. Liverovskij A.A. O kontrol'nyh funkciyah predstavitel'nyh organov gosudarstvennoj vlasti sub'ektov Rossijskoj Federacii. Parlamentskie procedury: problemy Rossii i Zarubezhnyj opyt: Materialy nauchnoj konferencii, Moskva: Izdatel'stvo MGU [On the control functions of representative bodies of state power of the constituent entities of the Russian Federation. Parliamentary procedures: problems of Russia and Foreign experience: Proceedings of a scientific conference, Moscow: Moscow State University Publishing House], 389-397 (2003). [in Russian]
12. Cymbalova N.A. Institut ombudsmena v sovremennom mire: istoriya razvitiya obshchaya koncepciya. Komissi i upolnomochennye po pravam cheloveka: Opyt Rossijskih regionov [The institution of the ombudsman in the modern world: history of development and general concept. Commissions and ombudsmen for human rights: Experience of Russian regions], 4, 87-104 (2002). [in Russian]
13. Baglaj. M.V. Konstitucionnoe pravo Rossijskoj Federacii : Uchebnik dlya vuzov [Constitutional law of the Russian Federation: Textbook for universities] (Moskva: Izdatel'stvo «Norma», 2000, 784 s.) [Moscow: Publishing House "Norma", 2000, 784 p.]. [in Russian]
14. Avtonomov A.S. Pravovaya ontologiya politiki. K postroeniyu isistemy ponyatij [Legal ontology of politics. Towards the construction of a system of concepts] (Moskva: OOO «Firma Infograf», 1999, 384 s.) [Moscow: LLC "Firm Infograph", 1999, 384 p.]. [in Russian]
15. Meshkova A.V. Institut upolnomochennogo po pravam cheloveka: teoritiko-metodolicheskie osnovy. Vestnik MGOU Seriya «Istoriya i politicheskie nauki» [Institute of the Commissioner for Human

Rights: theoretical and methodological foundations. Vestnik MGOU Series "History and Political Sciences", 2,119 (2014). [in Russian]

16. Biryukov A.A. Kak podat' zhalobu v Evropejskij sud po pravam cheloveka [How to file a complaint to the European Court of Human Rights] (Moskva, 2018, 72 s.) [Moscow, 2018, 72 s.]. [in Russian]

17. Rakitskaya I.A., Lejbo YU.I., Pavlov E.YA. Konstitucionno-pravovoj mekhanizm primeneniya norm mezhdunarodnogo prava v zarubezhnyh stranah: monografiya [Constitutional and legal mechanism for applying international law in foreign countries: monograph] (Moskva, 2019, 83-96 s.) [Moscow, 2019, 83-96 s.]. [in Russian]

18. Suhodols'kij G.M. Konstitucionno-pravovoe regulirovanie «gorizontal'nyh» vzaimodejstviya v sisteme gosudarstvennoj vlasti v RF (na primere vzaimodejstvija zakonodatel'nyh i kontrol'no-nadzornyh organov). Sovremennoe pravo [Constitutional and legal regulation of "horizontal" interactions in the system of government in the Russian Federation (using the example of interaction between legislative and control and supervisory authorities). Modern law], 4, 18-22 (2018). [in Russian]

19. Popovskaya A.K. Upolnomochennyj po pravam cheloveka kak institut nesudebnoj zashchity prav cheloveka v Rossii [The Commissioner for Human Rights as an institution for non-judicial protection of human rights in Russia]. [Electronic resource] – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/upolnomochennyj-po-pravam-cheloveka-kak-institut-nesudebnoj-zashchity-prav-cheloveka-v-rossii/viewer> (accessed: 17.04.2023). [in Russian]

20. Matejkovich M.S., Romanchuk I.S. Upolnomochennyj po pravam cheloveka v mekhanizme sudebnoj zashchity prav i svobod. ZHurnal Rossijskogo prava [Commissioner for Human Rights in the mechanism of judicial protection of rights and freedoms. Journal of Russian Law], 11, 46 (2020). [in Russian]

21. Montes'ke SH.L. O duhe zakona [About the spirit of the law] (Moskva, Mysl', 1999, 144 s.) [Moscow, Mysl, 1999, 144 p.]. [in Russian]

22. Buck T., Kirkham R., Thompson B. The Ombudsman Enterprise and Administrative Justice. [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.4324/9781315555034> (accessed: 17.04.2023).

23. Craig P.P. Administrative Law. 6 th. Edition (London, 2008, 1045 p.).

24. Saidov F.Z. Konstitucionno-pravovoj status ombudsmenov v zarubezhnyh stranah. Trudy Akademii Upravleniya MVD Rossii [Constitutional and legal status of ombudsmen in foreign countries. Proceedings of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of Russia], 2(62), 28 (2022). [in Russian]

25. Hamanaeva N.YU. Zashchita grazhdan v sfere ispolnitel'noj deyatel'nosti [Protection of citizens in the field of executive activities] (Moskva, IGP RAN, 1997, 207-208 s.) [Moscow, IGP RAS, 1997, 207-208 p.]. [in Russian]

26. Zelencov A.B. Kontrol' za dehtel'nost'yu ispolnitel'noj vlasti v zarubezhnyh stranah [Control over the activities of the executive branch in foreign countries] (Moskva, Izd-vo RUDN, 2022, 54-55 s.) [Moscow, RUDN Publishing House, 2022, 54-55 p.]. [in Russian]

27. Plutalov I.YU. Administrativno-pravovaya osnova statusa upolnomochennogo po pravam chelovekai v RF. Administrativnoe pravo i process [Administrative and legal basis for the status of the Commissioner for Human Rights in the Russian Federation. Administrative law and process], 10, 74 (2019). [in Russian]

28. Kolobova T.V. Razgranichenie administrativno-pravovogo i konstitucionnogo statusov upolnomochennogo po pravam cheloveka v sub'etk RF. Vestnik VGU. Seriya «Pravo» [Distinction between the administrative-legal and constitutional statuses of the Commissioner for Human Rights in the constituent entities of the Russian Federation. VSU Bulletin. Series "Law"], 2, 29 (2020). [in Russian]

29. Karzhasova G.B. Adam kukykygy zhoninidegi uakil instituty. Kazakstan Respublikasy Zannama institutynyn zharshysy [Institute of Human Rights Commissioner. Herald of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan], 3(39), 32 (2015). [in Kazakh]

30. SHakirov A.O. Deyatel'nost' upolnomochennogo po pravam cheloveka v Respublike Kazahstan: vozmozhnosti sovershenstvovaniya na osnove primeneniya zarubezhnogo opyta. Pravo i gosudarstvo [Activities of the Commissioner for Human Rights in the Republic of Kazakhstan: opportunities for improvement based on the application of foreign experience. Law and State], 4(73), 13 (2021). [in Russian]

31. Senatta Adam kukyktary zhoninidegi uakil turaly zan kabyldandy [The Human Rights Commissioner Law was passed in the Senate]. [Electronic resource] – Available at: <https://kaz.zakon.kz/6015364-senatta-adam-kukyktary-zhoninidegi-ukil-turaly-zan-kabyldandy.html> (accessed: 17.04.2023). [in Kazakh]

32. Simanovskij S.I. Institut Ombudsmena i ego rol' v politicheskoy sisteme obshchestva. Vestnik BDU [The institution of the Ombudsman and its role in the political system of society. Bulletin of the BDU], 1, 88 (2013). [in Russian]

33. Kazakstandyk adam kuckyktary zhonindegi uakildin kyzmeti zhane ony ujymdastyrudyn kuckyktyk negizderi [Activities of the Kazakh Human Rights Commissioner and the legal basis of its organization]. [Electronic resource] – Available at: <https://articlekz.com/kk/article/17172> (accessed: 17.04.2023). [in Kazakh]

34. Ajthozhin K., Kanagatova Q. Ombudsmen instituty - buzylgan kuckykty kalpyna keltirudin tegeurindi tetigi. Zan gazetі [The institution of the ombudsman is an important mechanism for the restoration of violated rights. Law Gazette], 20, 15 (2003). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Аширбекова А.Б. – докторант, Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б. Саттарханов даңғылы, 29, Түркістан, Қазақстан.

Абикенов А.А. – заң ғылымдарының кандидаты, заң факультетінің «Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы» кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан.

Сактаганова И.С. – заң ғылымдарының кандидаты, «Конституциялық және азаматтық құқық пәндер» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сатпаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

Ashirbekova A.B. – Doctoral, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, B. Sattarkhanov Avenue, 29, Turkestan, Kazakhstan.

Abikenov A.A. – Candidate of Law, Docent of the Department of “Civil Law and Civil Procedure, Labor Law” of the Faculty of Law, Kazakh-National University named after al-Farabi, al-Farabi Avenue, 71, Almaty, Kazakhstan.

Saktaganova I.S. – Candidate of Law, Professor of the Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov, Satpaev street, 2, Astana, Kazakhstan.